

**Ж. Мәлсұлы, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Б. Ақылбекова, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЛАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ

Құқық — адам бойына енгізілген өзіндік құндылық, ал бостандық — бұл өз құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігі.

Адам құқығы шектеулі, ол ешқашан абсолютті бостандықта бола алмайды. Тек құқық қана әлсізді күштіден қорғауға бағытталған. Құқықтық мүшесі ретінде де, әлеуметтен тыс нәрсе ретінде де адамға және нақты бір мемлекеттік құрылыс мүшесі ретінде азаматқа да қатысты бола алады. Кез келген елдің кез келген азаматы адам, ал кез келген адам нақты бір мемлекеттің азаматы бола алмайды. Мұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында «әркімнің құқығы бар» деп көрсетілген мысалдан көруге болады. Мұндағы «Қазақстан азаматтары құқылы» деп айтылған кезде, бұл тек Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық статусына қатысты екендігі көзделеді. «Азаматтық» деген терминнің өзі адамның нақты бір мемлекетке жататындығын, содан барып өзара құқықтар мен міндеттемелер туындайтындығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан мемлекетінің Ата (негізгі) заңы. 30 тамызда Республикалық референдум өткізу (бүкіл халықтық дауыс беру) жолымен қабылданды. Конституцияны қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің қайнар көзі — өзінің егемендік құқығын баянды етті. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат — қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» және Конституцияның 12-бабының 2-тармағында: «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, оларды ешкім айыра алмайды, заңдармен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұнымен қолданылуы осыған қарай анықталады»¹.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді. Табиғи құқықтар — адамның тіршілік етуінен туындайтын (мысалы: өмір сүру, еркіндікке жету, жеке басына тиіспеушілік т. б. Әлеуметтік құқықтар — адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болатын (мысалы: білім алуға, еңбек ету бостандығына, бақытты өмір сүруге, азаматтық алуға, еркін тұрып жүруге т.б) құқылы².

Ата заңда құқықтық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты еркіндігі, идеологиялық және саяси әр алуандығы (сөз және шығармашылық бостандығы, саяси партиялар мен бұқаралық партиялар, сондай-ақ бұқаралық қозғалыстар бірлестігін құру еркіндігі), халық билігін жүзеге асыратын демократиялық амалдар, экономикалық қатынастардың қызмет етуі әлемдік талаптарға сәйкестендірілген. Оның нормалары тұрақты, жалпы мәнде ұзақ жылдарға бейімделіп тұжырымдалған. Мысалы, қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. Халықаралық құқық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқын тікелей реттемейді. БҰҰ Жарғысы (1-баптың 3-тармағы) мемлекеттерді олардың аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болсын кемсітуге жол берместен негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» (1948 ж.), «Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы», «Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы» (1966 ж.), «Балалар құқы декларациясы» (1959 ж.), «Әйелдердің саяси құқы туралы конвенция» (1954 ж.) және басқа бірқатар құжаттар қабылданды. Алайда «адам құқығы» азаматтың құқығынан ерекшеленеді, өйткені мемлекет азаматқа мейлінше кең құқықтар мен бостандықтар беріп, мемлекеттің өз азаматтарына деген ерекше қатынастарына орай оған айрықша міндет жүктейді. Конституциялық Кеңес — Қазақстан Республикасының 1995 жылы бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Конституциясы күшіне енгеннен кейін құрылған еліміздің барлық аумағында Ата Заңның үстемдігін және мызғымастығын қамтамасыз етуші, тәуелсіз мемлекеттік орган. Бұл органның Ата Заңның тұрақтылығы мен елімізде конституциялық заңдылықтың дамуына, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын баянды болуына қосқан үлесі айтарлықтай. Конституциялық Кеңес өзіне Ата Заң арқылы берілген өкілеттіктердің шеңберінде әрқилы дауларды конституциялық ретке келтіріп, билік тармақшалары немесе өзге де мемлекеттік органдардың арасындағы, сырт көзге қарағанда шешімі жоқтай көрінген тартыстарды конституциялық-құқықтық жүйеге келтіріп отырды. Конституциялық Кеңес өз қызметін жүзеге асыру кезінде саяси және өзге де себептерді негізге алмай тек қана құқықтық қағидаларды басшылыққа ала отырып, қорытынды шешімдер шығаратын орган.

Тақырыптың зерттелу маңыздылығы өте зор, өйткені әр мемлекет халықтан басталады, әр халық отбасыдан басталады, ал әр отбасы адамнан басталады. Адам құқығы — бұл жеке адамның өмірін, адам қасиеттері мен қоғамдық өмірдің барлық саласындағы іс-әрекет бостандығын қамтамасыз ететін табиғи мүмкіндіктері.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы, 2001. — 7-6.

² Ашитов З. О., Ашитов Б. З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері: Оқу құралы. — Алматы, 2003. — 25-6.